

«Бекітемін»

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы

МКҚК-нің меңгерушісі:

А.Е.Каюпова А.Е.Каюпова

« 28 » _____ 2026 жыл



Тексерілді:

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы

МКҚК-нің әдіскері:

А.Е.Каюпова А.Е.Каюпова

« 28 » 05 _____ 2026 жыл

**“ГҮЛДЕР” АРАЛАС ТОБЫНА (ОРТА ТОП ЖӘНЕ ЕРЕСЕК ТОП) АРНАЛҒАН ЖАЗҒЫ
САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІНІҢ
МУЗЫКА ҰІӘ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2025 - 2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА**

**2025 – 2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ «ГҮЛДЕР» АРАЛАС ТОБЫНА (ОРТА ЖӘНЕ ЕРЕСЕК ТОПТАРҒА) АРНАЛҒАН ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІНІҢ
МУЗЫКА ҰІӘ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Маусым				
Міндеті		Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау, тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөлісе білу. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды, әнді созып, сөздерін анық айтуды, топпен бірге бастап, бірге аяқтай білу дағдыларын дамыту. Денсаулық сақтау технологиялары арқылы балалардың физикалық және эмоционалдық саулығын нығайту.		
	Тақырыбы	Мақсаты	Сауықтыру элементтері (Денсаулық сақтау технологиялары)	Мерзімі
1	Мен бақытты баламын	Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), тембріне қарап ажырату.	Музыкалық-ритмикалық жаттығу: Таза ауада маршпен жүру (мүсінді/осанканы түзету). Психогимнастика: «Мен және менің көңіл-күйім» (эмоционалды шиеленісті түсіру).	02.06.2026ж 04.06.2026ж
2	Тату доспыз бәріміз	Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.	Коммуникативтік ойын-би: «Досыңды тап» (балалар арасындағы жағымды қарым-қатынасты, достық атмосфераны қалыптастыру, ұяндықты жеңу).	09.06.2026ж 11.06.2026ж
3	Су – өмірдің өзегі	Табиғаттағы судың пайдасын түсіндіру, әнді педагогпен бірге қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасау.	Музыкалық терапия: Судың сылдыры, жаңбыр дыбысы фонында релаксация жасау. Саусақ гимнастикасы: Су тамшыларының ырғағын қолмен салу.	16.06.2026ж 18.06.2026ж
4	Пайдалы жемістер	Жемістердің пайдасы туралы, жемістердің жаз мезгілінде көп болуы, оны жеу кезіндегі тазалықтар жайында түсіндіру. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады.	Саусақ ойыны мен артикуляциялық жаттығу: «Дәмді жидектер» (ұсақ моториканы және сөйлеу аппаратын дамыту). Музыкалық ойын: «Бағбан мен жемістер».	23.06.2026ж 25.06.2026ж

Шілде

Міндеті		Музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгіру арқылы сезінуге, қимылдарды әуенмен сәйкестендіруге үйрету. Музыканың бөлімдеріне қарай қимылдарды өзгерте білуге, шапшаңдық пен ептілік танытуға баулу. Сауықтыру технологиялары арқылы балалардың тыныс алу жүйесін, есту қабілетін, қозғалыс белсенділігін және эмоционалдық еркіндігін дамыту.		
	Тақырыбы	Мақсаты	Сауықтыру элементтері (Денсаулық сақтау технологиялары)	Мерзімі
1	Құстар даусы	Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.	Дыбыстық және тыныс алу гимнастикасы: «Құстар сайрайды» (дауыс сіңірлерін бекіту, өкпе жұмысын жақсарту). Қимыл-қозғалыс ойыны: «Торғайлар мен мысық» (шапшаңдыққа баулу).	30.06.2026ж 02.07.2026ж
2	Отбасым –бақытым	Отбасы туралы түсінік беру, сұрақ-жауап арқылы отбасы туралы өз ойларын айту. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату.	Саусақ ойыны (кинезиологиялық жаттығу): «Бұл менің отбасым» (ми белсенділігі мен ұсақ моториканы дамыту). Психогимнастика: «Ананың жылуы» (ішкі тыныштықты сақтау).	07.07.2026ж 09.07.2026ж
3	Шынықсаң шымыр боласың	Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз) Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкаға қосылып оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.	Логоритмика: Сөз бен қимылды музыка ырғағымен ұштастыру. Тыныс алу жаттығуы: «шар үрлеу», «жел соқты» (өкпе сыйымдылығын арттыру).	14.07.2026ж 16.07.2026ж
4	Жайлаудағы төлдер	Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. Дидактикалық ойында үлестірмелі карточка арқылы шығарманы тыңдап, төлдерді ажырату. Балалардың ойын арқылы көңіл күйлері көтеріледі, ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту.	Музыкалық-ритмикалық логоритмика: «Төлдер қалай дыбыстайды?» (ырғақты сезіну және артикуляциялық аппаратты шынықтыру). Шулы оркестр: Үй жануарларының жүрісін аспаптармен салу.	21.07.2026ж 23.07.2026ж
5	Көңілді – көңілсіз	Музыканың көңілді (күн) және көңілсіз (бұлт) сипатын, қарқынын тыңдап ажыратуға үйрету. Музыкаға сәйкес бет-әлпет мимикасын, эмоцияны білдіру қабілетін дамыту. Музыка арқылы бір-біріне жағымды көңіл-күй сыйлауға тәрбиелеу.	Психогимнастика: «Күн мен бұлт» (бет-әлпет бұлшықеттерін дамыту, мимика арқылы эмоцияны көрсету).	28.07.2026ж 30.07.2026ж

Тамыз

Міндеті		Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдау мен тыңдау мәдениетін дамыту. Әуеннің кіріспесін ажыратып, қимылды уақытылы бастауға, жұппен және жеңіл ырғақпен қозғалуға үйрету. Таныс әндерді таза интонациямен, мәнерлеп айту дағдыларын бекіту. Денсаулық сақтау технологиялары арқылы балалардың иммунитетін, физикалық белсенділігін және дұрыс дем алуын дамыту.		
	Тақырыбы	Міндеті	Сауықтыру элементтері (Денсаулық сақтау технологиялары)	Мерзімі
1	Дәрумендер досымыз	Балаларға дәрумендердің адам денсаулығына пайдасы туралы түсінік беру. Жемістер мен көкөністердің құрамындағы дәрумендердің маңызын түсіндіру. Әнді мәнерлеп орындауға, музыка сипатына сәйкес қимыл жасауға үйрету. Өз денсаулығына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Музыкалық терапия және флешмоб: «Көңілді дәрумендер» биі (жалпы дене тонусын көтеру). Дыбыстық релаксация: Жазғы табиғат дыбыстары астында тынығу.	04.08.2026ж 06.08.2026ж
2	Біз өмірдің гүліміз	Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.	Би терапиясы (Флешмоб): Таза ауада еркін билеу арқылы бұлшықеттерді босаңсыту. Дыбыстық гимнастика: Дауыс аппаратын шынықтыру ойындары.	11.08.2026ж 13.08.2026ж
3	Шыныққан шымыр баламыз	Шыныққан денсаулыққа пайлалы екенін және дені сау бала барлық іске белсенді болатынын түсіндіру. Таныс әндердің қарапайым әуендерін ажырату. Әнді мәнерлеп айтады, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытады.	Психогимнастика мен логоритмика: «Күн көзіне сәлем» (эмоционалдық сергектік сыйлау). Музыкалық-ритмикалық жаттығу: Таза ауада жеңіл жүгіру және секіру.	18.08.2026ж 20.08.2026ж
4	Жайлаудағы киіз үй	Балалардың жайлау, киіз үй туралы білімдерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық мәдениетімен таныстыру. Музыкалық шығарманың сипатын, қарқынын, динамикасын ажыратып, әнді мәнерлеп орындауға үйрету.	Ұлттық би терапиясы: Қазақ күйлерінің ырғағымен еркін қозғалу (бұлшықеттерді босаңсыту). Тыныс алу жаттығуы: «Таудың таза ауасы» (терең дем алу-шығару).	25.08.2026ж 27.08.2026ж

